


**Орал қаласының білім беру бөлімінің «Оқушылар сарайы» МКҚК**

Педагогикалық кеңес  
отырысында талқыланып,  
қабылданды  
№1 хаттама  
«14» сәуір 2017жыл



**«Бекітемін»**  
«Оқушылар сарайы» МКҚК  
директоры С.Алманбетова  
С.Алманбетова

**Директор жанындағы кеңес туралы  
Е Р Е Ж Е**

**Орал қаласы**

**Орал қаласының білім беру бөлімінің «Оқушылар сарайы» МКҚК**  
**Директор жанындағы кеңес туралы**  
**Е Р Е Ж Е**

**I. Жалпы ережелер**

- 1.1. Директор жанындағы кеңес сарайдағы оқу-тәрбие үрдісін жедел басқару ұйымы болып табылады.
- 1.2. Директор жанындағы кеңестің отырыстары қажеттілікке байланысты кем дегенде айына бір рет өткізіледі.
- 1.3. Директор жанындағы кеңестің құрамына мектеп әкімшілігі кіреді. Кеңес отырыстарына тек шақырылатын мұғалім немесе мұғалімдер тобы қатыса алады.

**II. Директор жанындағы кеңестің мақсаты мен міндеттері:**

- 2.1. Сарайдағы білім беру үрдісіне қатысты мәселелерді жоспарлау және болжамдау.
- 2.2. Қосымша білім беру мекемесіндегі оқу-тәрбие үрдісінің мүмкін болатын кемшіліктерінің алдын алу.
- 2.3. Мекеменің жекеленген әрекеттерін реттеу.
- 2.4. Мекемеде өткізілген ұйымдастырушылық, тәрбиелік, әдістемелік шаралардың нәтижелерін талдау.
- 2.5. Педагогикалық ұжымның шығармашылығына қолдау көрсету.
- 2.6. Тексеру, бақылау (басқару) жұмыстарының қорытындысын шығару.
- 2.7. Жоғары тұрған ұйымдардың жедел ақпараттарын педагогикалық ұжымға тарату.

Директор жанындағы кеңесті өткізу жиілігі оның келесі өткізу түрлеріне байланысты:

- ақпараттардың түсуіне қарай өткізілетін ақпараттық жиналыстар;
- тексеру, бақылау жұмыстарының қорытынды құжаттарымен (талдау анықтамалары, бұйрықтар, ережелер, тестілеу қорытындылары, сауалнама қорытындысы және т.б) педагогикалық ұжымды таныстыруға бағытталған жиналыстар;
- тексеру жұмыстарының жоспарын немесе мекемедегі педагогикалық әрекетінің белгілі бір бағыттарын талқылау мақсатындағы пікірталастар;
- сарай әкімшілігімен өткізілетін әкімшілік жиналыс болуы мүмкін.

**III. Директор жанындағы кеңестің өкілеттілігі.**

- 3.1. Директор жанындағы кеңес жедел бақылаудың құрамды бір бөлігі болып табылады.
- 3.2. Директор жанындағы кеңесте ұсыныстық (нұсқаулық) сипаттағы шешім шығарылады. Ұсыныс нақты адамдарға берілуі тиіс.
- 3.3. Директор жанындағы кеңес сарайдың қызметіне қатысты басқару шешімдерін қабылдауды жүзеге асыра алады.

**IV. Іс- құжаттары.**

- 4.1. Директор жанындағы кеңестің хаттамасы жүргізіледі.